



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

основании электронной цифровой подписи клиента и оказание электронных услуг через личный кабинет. Это упростило доступ на рынок региональных инвесторов и позволило инвесторам осуществлять торговлю финансовыми инструментами на казахстанском фондовом рынке из любой точки мира.

Финансовый инжиниринг позволяет оптимизировать движение финансовых ресурсов, расширить горизонты финансовой политики в различных сферах деятельности хозяйствующих субъектов, в том числе в области ценных бумаг. Особо велика роль финансового инжиниринга в ходе решения сложных проблем при проведении финансовых операций, разработке вариантов инвестиционных программ, модернизации политики в области акционерного капитала.

Цель финансового инжиниринга - интеграция деятельности предприятия, направленная на возрастание качества стратегических и тактических финансовых решений во всех сферах функционирования, посредством концентрации усилий на приоритетных направлениях деятельности субъекта экономики. Такая целевая установка подчеркивает долговременный период деятельности предприятия, указывает на пути увеличения финансовых результатов, учитывает интересы собственников. При этом принимается во внимание аспект неопределенности и риска (вероятности потерь) при принятии и реализации финансовых решений. [3]

В целом благодаря информационным технологиям и влиянию государства снижаются издержки по международным сделкам и транзакциям. А также, с их помощью создаются целые ассоциации пользователей в глобальном масштабе, что гарантирует бизнесу огромную базу потенциальных клиентов и эффективные пути доступа к ним.

Таким образом, возникающие проблемы и противоречия в деятельности предприятий могут решить современные технологии финансового управления, которые позволяют иначе организовать процесс управления финансами на предприятии и существенно повысить его эффективность.

#### **Список использованных источников:**

1. Бочаров, В.В. Финансовый инжиниринг/ В.В. Бочаров. – СПб.: Питер, 2005. – 400 с. УДК 336.64
2. Жабыко, Л.Л. Финансовый контроллинг / Л.Л. Жабыко// Вологдинские чтения. - 2007. - № 62. - С. 118-120.
3. Сидорова, Е.Е. Применение технологии финансового бенчмаркинга для повышения эффективности деятельности организации/Е.Е. Сидорова// Успешный менеджмент: как строить будущее?: сб. науч. тр. молод. ученых. – 2011. – С.141-144.

ОӘЖ 336.055

### **ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІН ДАМУ**

**Ахметов Жаңабатыр Танатарұлы,**

*alfakz93@mail.ru*

«Қаржы» кафедрасы магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Ғылыми жетекші: Есымханова Зейнегуль Клышбековна,

Цифрландыру дегеніміз Қазақстанның озық ел атану жолындағы мақсат емес, құрал. Бәсекеге қабілетті болу, өсімді, өнім өндіруді арттыру, міне, осы – мақсат. Үкімет сандық технологияларды енгізу жолында энергетика мен шикізат, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, IT, логистика сынды 9 салаға басымдық беріп отыр. Біріншіден, цифрландыру процесінің тұрақтылығы үшін инновациялық дамудың ұзақ мерзімді институттарын құру болса,

екіншіден, нақты сектордағы белгіленген жобалардан тұратын бағдарламаның прагматикалық басталуын қамтамасыз ету көзделген.

Қазақстан әлемдегі алғашқы 20 елдің қатарында өзінің цифрландыру бағдарламасын қабылдады. Ол 2021 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Бағдарламадағы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде 2021 жылы еліміздің сауда нарығындағы электронды сауда үлесі қазіргі 0,8 пайыздан 2,3 пайызға, халықтың мемлекеттік қызмет түрлерін пайдалануда e-gov арқылы алған қызмет көрсеткіші қазіргі 35 пайыздан 80 пайызға артады деп күтілуде. Халықтың сандық сауаттылық деңгейі 75,5 пайыздан 81,5 пайызға көтеріліп, интернет пайдаланушылардың үлесі 77 пайыздан 81 пайызға өседі деп жоспарланған [1].

ҚР Ақпарат және байланыс министрлігі «Зерде» Ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ-мен бірлесіп Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен «HiltonAstana»-да цифрландыру мәселелері бойынша республикалық кеңес өткізді. Іс-шараға 600-ден астам адам қатысты. Мемлекеттік органдар, отандық компаниялар мен ұйымдар Елбасыға SmartCity, Industry 4.0., e-commerce, Transport, Education және басқада бағыттар бойынша 30-дан астам IT-жобаларды ұсынды [2].

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Цифрландыру мәселелері жөніндегі республикалық кеңеске қатысқан болатын. Осыған байланысты ҚРҰБ басшысы өзінің сөзінде қаржы саласына инновациялық технологиялар мен цифрлы сервистерді ендіру туралы айтып берді. Ол соңғы 20 жылда клиенттермен өзара іс-қимылдың арналары мен тәсілдері түбегейлі кеңейгенін атап өтті. Интернет пен мобильдік құрылғылар бұл процесте негізгі факторлар болды.

«Бүгінгі күні іс жүзінде барлық банктерде Интернет банкинг жүйесі енгізілді. Жұмыс істеп тұрған 33 банктің ішінде 18 банк мобильдік банкинг қызметтерін ұсынады, олар жеке тұлғалардың бүкіл клиенттік базасының 75%-ын қамтиды. Бүгінгі күні 1 млн. жуық жеке тұлғалар банктердің мобильдік қосымшаларын пайдалануда», - деді Д. Ақышев. Ол сондай-ақ заңды тұлғалардың барлық төлемдерінің 70%-ынан астамы және жеке тұлғалардың барлық төлемдерінің 50%-ы қашықтан арналары арқылы жүргізілетінін атап өтті [3].

Төлем карточкаларымен қолма-қол емес төлемдердің өсуі былтырғы жылдың 2017 бірінші жарты жылында ұқсас мерзіммен салыстырғанда 70%-ды құрады. Қазіргі уақытта электрондық ақша танымал болып келе жатыр. 2017 жылғы 1-жартыжылдықта электрондық ақшамен операциялардың саны 2,7 есе, көлемі 3,4 есе өсті [3].

Сонымен, бүгінгі жаһандық өндірістік революцияға сәйкес, әлем жүзінде экономиканы түбегейлі цифрландыру кезеңіне қарқынды өтуде. Осыған сәйкес, біздің еліміз де жоғарыда аталып өткендей бірқатар мақсаттарды алға қойып отыр. Соның ішінде, төлем жүйесін цифрландыруды қолға алу айрықша орын алатындығы сөзсіз.

Бірқатар елдің тәжірибесіне үніліп қарасақ, әмиянды қағаз ақша мен күміс теңгеге толтырмай-ақ сауда жүргізуге, тамақтануға, қоғамдық көлікпен қатынауға, түрлі төлемдер жасауға болады. Демек, бұл үрдістің ерте ме, кеш пе біздің қоғам өңірінен орын сұрары даусыз. Қолма-қол ақшамен есеп айырысуды шектеуге беттеу – бүгінгі күннің талабы болып табылады. Соңғы жылдары әлем экономистерінің біразы осы мәселені жиі қозғайтын болды. Мысалға алатын болсақ, Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглиц біртіндеп цифрлы валютаға ойысуды ұсынса [4], АҚШ-тың бұрынғы қаржы министрі Лоуренс Саммерс 100 және 50 долларлық купюраларды айналымнан алып тастау бастамасын көтеріп жүр [5]. Ал Үндістанда ірі купюралар айналымнан шығарылса [6], Еуропаның Орталық банкі 500 еуро купюрасынан бас тарту идеясын талқылауда [7]. Тіпті, америкалық белгілі экономист Кеннет Рогофф қолма-қол ақшамен есеп айырысуды шектеуге қатысты арнайы кітап та жазды [8]. Скандинавия елдері мен Оңтүстік Корея алдағы 5-10 жылда қолма-қол ақшаны біржола шектеп, оны келместің кемесіне мінгізіп жіберуді жоспарлап отыр. Bloomberg-тің дерегіне сүйенсек, қазір Швециядағы қолма-қол ақшаның елдің ішкі жалпы өніміндегі үлесі 1,8%-ды ғана құрайды [9]. Осының бәрін ой таразысына тартсақ, 50 жылдан астам уақыт бұрын шотландиялық Джон Шепард-Баррон ойлап тапқан банкматтың енді бір 50 жыл «өмір

сүреріне» сену қиын екен. Қағаз ақша мен күміс тиынның да музейдің шаң басқан сөрелерін «мәңгілік мекен» етер күні жақын секілді болып келеді.

Экономистер мен шенеуніктердің пікіріне сүйенсек, қолма-қол ақшадан бас тартудың жақсы жағы өте көп. Бұл бірінші кезекте экономикаға тиімді. Ашып қарастыратын болсақ:

- Мемлекет қаржылық, салықтық операциялардың барлығын бақылауда ұстауға мүмкіндік алады. Нәтижесінде жиналатын салық көлемі көп болмақ. Осылайша, қаржы саласындағы заңсыздықтардың тамырына балта шабылады.

- Жемқорлық азаяды;
- Қаржылық қулықтар ашылады;
- Жалған ақша жасаушылар болмайды;
- Экономиканың «көлеңкелі» тұстары ашылатын болады.

Джозеф Стиглицтің сөзінше, әлемдік қаржы нарығында ашықтық жоқ. Әлемдік деңгейдегі жемқорлықтың негізгі көзі – салықтан жалтару [4]. Қолма-қол ақшаны шектеу осы бір олқылықтың орнын толтырады. Ал Лоуренс Саммерс болса «Washington Post»-қа жазған мақаласында ірі купюралардың айналымда болуы қылмыс жасауды жеңілдетеді деген пікірді алға тартқан екен [5]. Яғни, ірі купюралар «алыс-берісте» көп жүреді. Сондай-ақ, қолма-қол ақшадан «қашу» салықты көбейтіп, жемқорлықты жоюға жәрдемдесіп қана қоймай, экономиканың шығындарын азайтады. Дәлірек айтсақ, қаржылық операциялардың шығыны кемиді де, есесіне операциялар айналымы жеделдетілмек. Сосын қағаз ақша мен күміс тиынды шығарудың өзі мемлекет үшін белгілі бір мөлшерде шығын екенін ұмытпайық. Қолма-қол ақшаның мемлекеттен бөлек, жеке тұлғаларға да тигізер пайдасы мол. Қағаз ақша мен күміс тиыннан бас тартқан адам, электронды төлем жүйесіне көшеді. Ал мұндай төлемдерге әрдайым жеңілдіктер қарастырылған. Оның үстіне түрлі бонустар жинақталады. Мәселен, Visa компаниясының мәліметінше, кредиттік, дебеттік төлем карталарының көмегімен электронды есеп айырысудың нәтижесінде 2011-2015 жылдар аралығында Ресейдің жалпы ішкі өнімі 25,93 млрд АҚШ долларына тең болған. Сонымен қатар, төлем карталары жоғалған жағдайда, ондағы қаржыны әлдекімдер бей-берекет жұмсап тастау мүмкіндігі төмен. Себебі, оны жоғалған сәтте-ақ бұғаттап тастауға болады. Жалпы, қолма-қол ақшаны ығыстырып отырған фактордың бірі – цифрландыру дәуренінің басталуы. Жаһандық жаңа экономика жаңа қаржылық жүйені талап етіп отыр. Ол қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда жедел әрі икемді болуы керек. Криптовалютаның көкжиегінің кеңейіп келе жатқаны да сондықтан. Мәселен, біршама жыл бұрын биткоин қауіпті дүние саналса, қазір керісінше әлемнің ынта-ықыласы осыған ауды.

Бүгінде банкте ақша сақтағаны үшін банк тарапынан клиенттерге сыйақы тағайындау үрдісі қалыптасып келеді. Ал осыдан біраз уақыт бұрын керісінше еді ғой, клиенттер ақшаны банкке салғанынан бөлек, тағы да қосымша ақы төлейтін. Бұл батыс елдерінде бар үрдіс. Демек, әне-міне дегенше біздің қоғамға да енері анық.

Қазақстан электронды төлем жүйесіне көшуге нақты қадамдар жасауда. Әр салада цифрландыру процесінің қолға алынуы – соның дәлелі. Алайда, Қазақстанның Ұлттық банкі қолма-қол ақшаны шектеуге кедергі келтіретін басты себеп ретінде ел тұрғындарының бұған дайын еместігін алға тартқаны есімізде. Сондықтан ең алдымен біздің елдегі жүйеге емес, адамдардың санасына сілкініс керек секілді. Ұлттық банктің мәліметіне сүйенсек, қолма-қол ақша көбінесе бөлшек саудада көп қолданылады. Шамамен төлемдердің 80%-ы қағаз ақша мен күміс тиынның көмегімен жүзеге асырылады. Десе де, ілгерілеу де жоқ емес. Екінші деңгейлі банктердің белсенді жұмысының нәтижесінде пластикалық карталарды пайдаланушылар саны артқан. Қысқасы, әлем елдері қолма-қол ақшаны шектеуге барынша тырысып бағуда. Ендеше бұл трендтен Қазақстан да қалмауға тиіс.

Тинькофф банкі VisionLabs LUNA-мен бірге қызмет көрсту аясында тұлғаларды верификация және идентификация ету үшін шексіз лицензиялық келісімшартқа отырды. Бұл жүйе арқылы банк оффлайн-тексеруді жүргізеді, яғни кредит алу үшін өтініш берген клиенттердің базалық деректемелерін, жалтару немесе ұрлау сияқты жағдайларды зерделеу

үшін, сонымен бірге клиенттің фотосы бойынша верификация істейді. Бұл системаны енгізу өтініштерді орындауда уақыт көлемін және банктің несие тәуекелін төмендете түседі [10].

Сонымен бірге, Индияның Ұлттық трансформация институтының басшысы (NITI Aayog), Амиабх Кант (Amitabh Kant) 9 қаңтардағы Pravasi Bharatiya Divas конференциясында: «Индия елінде 2020 жылға қарай бар дебеттік, кредиттік карталар, банкоматтар және [POS]-терминалдар керек емес болады», - деп білдірді. Индия елінің премьер-министрі Нарендры Монди қолдауымен дәстүрлі төлем форматтарынан бас тарту ВНИМ (Bharat Interface for Money) қосымшасының пайда болды [10].

Google Inc. АҚШ-та Android Pay төлем жүйесін іске қосты, ол Apple Payмен бәсекелестік құрайды және Google-гемобильді қосымшалар нарығында өсіп жатқан позицияларды иеленуге мүмкіндік береді. Android Pay смартфонды цифрлық әмиянға айналдырады: жүйе нақты, сондай-ақ виртуалды дүкендерде пайдаланылуы мүмкін пайдаланушы деректерін сақтайды.

Android Pay барлық төрт негізгі төлем жүйелерінің карталарын сүйемелдейді

- Visa, American Express, Discover және MasterCard, ол Android базасында соңғы құрылғылардың көпшілігімен үйлесімді. Осы жүйені пайдаланушыларға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге 1 млн аса америка дүкендерінде тауарлар мен қызметтерге, сондай-ақ 1 мың мобильді қосымшаларға төлем жасауға мүмкіндік береді, деп хабарлайды Bloomberg агенттігі. Android Pay серіктестері арасында - Macy's Inc., Staples Inc. және Whole Foods Market Inc. бөлшек саудалары бар, - деп хабарлады Android Pay-ге жауап беретін Google өнімдері жөніндегі директор Пали Бат. Forrester Research Inc. зерттеушілер компаниясының болжамына сәйкес, 2015 жылы мобильді төлемдер нарығының көлемі 67 млрд. долларға жуықты құрады, 2019 жылға қарай 142 млрд. долларға ұлғаяды [10].

Индия елінде 255 миллион тұрғындары Paytm (Alibaba Group Holding Ltd. Қытай компаниясының қолдауымен басталған 7 жыл бұрын басталған стартап) жүйесі виртуалды әмиян көмегі ретінде төлем жүргізеді. Австралиялық Citibank банкісінің бөлімшелері көптеген клиенттерінің бөлігі цифрлық транзакцияны басым тұтынатын болғандықтан қолма-қол ақшаны қабылдауды тоқтатқан болатын [11].

Сонымен қатар, төлем жүйесін жүргізудегі басқа да тиімді тәсілдерді енгізуге болады. Атап айтқанда төмендегідей:

- Қолда жүретін девайстер: Өзіңіздің пайдаланушы статусын беретін, әрдайымда бірге ала алатындай құрал ретінде қарастырсақ? Сіздегі браслет, кулон немесе фирмалық қаламды тигізумен кез-келген сауда-саттықта төлем жүйесін жүргізуге көмек бере алатындай;

- Дауысты келісімшарттар: жаңа форматта онлайн-банкинг режиміндегі сіздің алдына ала көзделмеген шығындарыңызды немесе басқа да төлемдеріңізге байланысты дауысты түрде хабарлау;

- 24/7 стилінде жұмыс: банктер қазіргі таңда жұмыс атқарудың дәстүрлі кезеңінен кете түсуде, яғни өзінің қызметтерін барынша кез-келген уақытта қолжетімдірек ету үстінде. Клиенттермен әрдайым байланыста бола алу үшін WeChat, Facebook Messenger, Google Hangouts, Whatsapp және т.б. сияқты қосымшаларды қолдану ұсынылуын мүмкін.

Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдамдатуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Өкінішке қарай, жаңа заманның ақпараттық технологияларын таратушы – кең жолақты интернет желілері ауылдарымыздың бәріне бірдей жеткен жоқ. Осы олқылық таяу уақыттың ішінде еңсерілмек. Бұл бізге не үшін қажет? Бүкіл ел болып цифрландыру заманына қарай өту үшін қажет. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. <https://egemen.kz/article/162100-tsifrlandyru-turaly-ne-bilemiz>
2. <https://baribar.kz/44725/tsifrlandyru-maseleleri-boyynsha-respublikalyq-kenhes-oetti-2/>

3. <http://www.nationalbank.kz>
4. <http://bitnovosti.livejournal.com/1716189.html>
5. <https://finance.rambler.ru/news/2016-02-18/bolshoi-ben-zachem-ssha-ubivat-100/>
6. <https://www.vedomosti.ru/economics/articles/2016/12/13/669330-indiya-nalichnimi>
7. <http://www.interfax.ru/business/503108>
8. <https://postnauka.ru/longreads/81409>
9. <http://polpred.com/news/?cnt=176&sector=11>
10. <http://futurebanking.ru/post/3242>
11. <https://rian.com.ua/abroad/20171025/1028833587/Bloomberg-nalichnye-dengi-goodbye.html>

УДК 336.64

## **РОЛЬ ФИНАНСОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА В УПРАВЛЕНИИ ИНВЕСТИЦИОННЫМИ РИСКАМИ КОМПАНИИ**

**Аяпов Медет Ерикович**

[7medya7@gmail.com](mailto:7medya7@gmail.com)

Магистрант 1 курса, научное и педагогического направления КазУЭФМТ,  
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.Б. Рубенкова

В условиях рыночных отношений практически невозможно управлять инвестиционной деятельностью предприятия без соответствующей информации, которую дает четко налаженная система финансового менеджмента. Управление инвестиционными рисками предприятия предполагает достижения определенных целей, конечной из которых является обеспечение прочного и устойчивого финансового положения. Финансовые решения принимаются на одном и том же предприятии могут быть различными в разные периоды его деятельности. Изменение какого-нибудь одного параметра во внутренних или внешних условиях вызывает необходимость переориентации в целом ряде стратегических и тактических направлений воздействия на финансы предприятия. Именно финансовый менеджмент предполагает многофакторные подходы к оценке последствий возникновения тех или иных инвестиционных рисков в зависимости от условий, сопутствующих этим ситуациям [1].

Роль финансового менеджмента в управлении инвестиционными рисками заключается в том, что в сравнительно короткие сроки он позволяет адаптировать предприятия к работе в рыночных условиях, трансформировать их финансовую деятельность, в соответствии с изменяющимся законодательством, при обеспечении устойчивого финансового состояния и недопущения банкротства.

Эффективное управление рисками инвестиционной деятельностью предприятия обеспечивается реализацией ряда принципов, основными из которых являются:

1) интегрированность с общей системой управления предприятием. В какой бы сфере деятельности предприятия не принималось управленческое решение, оно прямо или косвенно оказывает влияние на формирование денежных потоков и результаты инвестиционной деятельности;

2) комплексный характер формирования управленческих решений. Этот принцип перекликается с первым. Так, например, осуществление высокодоходных финансовых инвестиций может вызвать дефицит в финансировании производственной деятельности и как следствие, существенно уменьшить размер операционной прибыли (т.е. снизить потенциал формирования собственных финансовых ресурсов). Поэтому финансовый менеджмент должен рассматриваться как комплексная управляющая система, обеспечивающая